

«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бірікпелі-балабақшасының

меңгерушісі: Г. Жусупова



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ҮЛГІЛІ ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ
ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
НЕГІЗІНДЕ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Тәрбиешілер: Толыбай Ж
Ильясова Г

2025-2026 оқу жылы



Күн тәртібі 2025-2026 оқу жылы «Балауса» ортаңғы тобы

Режимдік сәттер	Уақыты
Балаларды қабылдау , танертенгі жаттығу, дербес ойындар, дидактикалық ойындар	08:30-09:00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	09.00 - 09.30
Дербес әрекет, ҮІӨ дайындық ҮІӨ	09.30 - 10.20
Серуенге дайындық Серуен	10.20 - 10.30 10:30-11:30
Серуеннен оралу	11.30- 11.50
Түскі асқа дайындық, түскі ас	11.50 - 12.30
Ұйқыға дайындық, Түскі ұйқы	12.30 - 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.30
Серуенге дайындық, серуен	16.30 - 17.00
Балалардың үйге қайтауы	17.00 - 17.30

«Бекітілді»
Мектеп тәрбиешісі-балабақшасы
Т.А. Сүтұбаева



**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН
ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ
«Балауса» ортаңғы тобы**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі	Музыка	Дене тәрбиесі		Дене тәрбиесі
	Қазақ тілі				
Вариативтік білім беру				«Менің сүйікті ертегілерім»	
Үйірме жұмыс		«Бала тілі бал» 2 апта	«Сыйқырлы қалам» 1-3 апта «Әнші болғым келеді» 3-апта	«Ұлттық ойындар» 2-4 апта	«Ғажайып ертегілер» 2-4 апта

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын

«Бекітілген»
 №1 Мектеп-балабақшасы
 М. Жолдасов атында



**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН
 ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ
 «Балауса» ортаңғы тобы**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі	Музыка	Дене тәрбиесі		Дене тәрбиесі
	Қазақ тілі				
Вариативтік білім беру				«Менің сүйікті ертегілерім»	
Үйірме жұмыс		«Бала тілі бал» 2 апта	«Сыйқырлы қалам» 1-3 апта «Әнші болғым келеді» 3-апта	«Ұлттық ойындар» 2-4 апта	«Ғажайып ертегілер» 2-4 апта

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	күн сайын
9	Музыка****	



«Бекітілді»
№ 1 «Ақерке» бөбекжай – балабақша
мектеп-бағдарламасы Т. Жусупова

**«Балауса » ортаңғы тобының 2025-2026 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене тәрбиесі	09.30-09.45		09.30-09.45		9.30-9.45
Музыка		10.05-10.20			
Қазақ тілі	10.05-10.20				
Күн сайын Тіл дамыту Көркем әдебиет Математика негіздері Қоршаған әлеммен таныстыру Сурет салу Мүсіндеу Жансыру Құрастыру Музыка* Дене тәрбиесі* Қазақ тілі *					

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : №1 «Ақерке» бөбекжай - балабақшасы
Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балауса»
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру. Біркалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; Жүгіру. Біркалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу; Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша);
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді; Сөздік қор: ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру Байланыстырып сөйлеу: суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу барысында ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі әздерді есте сақтауға үйрету
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту
Математика негіздері	Сан. Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама. ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; Геометриялық пішіндер геометриялық пішіндерді тану және атау Кеңістікте бағдарлау өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.

	Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөліктерден қарапайым құрылыстар құрастыру;
Сурет салу	Көкөністер мен жемістердің суретін салу Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
Жапсыру	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау
Музыка	Музыка тыңдау түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын атау дағдыларын қалыптастыру Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру Еңбекке баулу. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыру Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау коқыс қалдырмау, коқысты жинау, бұтақтарды сындырмау

Білім беру ұйымы : №1 «Ақерке» бөбекжай - балабақшасы

Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балауса»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру. әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру; Жүгіру: белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; Енбектеу, өрмелеу: еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр); Сапқа тұру, қайта сапқа тұру: Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту Сөздік қор: Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар). Тілдің грамматикалық құрылымы: сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану Байланыстырып сөйлеу: суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді; шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау мен ересектердің сөзін тыңдау және түсіну дағдыларын дамыту
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру
Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Шама. ұзындығы мен ені бойынша, биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; Геометриялық пішіндер геометриялық пішіндерді тану және атау Кеңістікте бағдарлау өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай

	орналастыру. өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау. Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша және ойдан құрастыру
Сурет салу	Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал) үйрету Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойынан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.
Жапсыру	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау Желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру;
Музыка	Музыка тыңдау Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету; ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту. Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру Еңбекке баулу. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту Менің Отаным – Қазақстан. Еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыруды нысықтау.

Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.

Өсімдіктер әлемі.

Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.

Жануарлар әлемі.

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді игерту.

Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау

қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау, санырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу дағдыларын қалыптастыру

Білім беру ұйымы : №1 «Ақерке» бөбекжай - балабақшасы
 Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балауса»
 Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
 Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру. қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру; Жүгіру: қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу: көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(ойыншықтар,киім,аяқкиім,ыдыс,жиһаз)және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру,оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты,сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді(«бөпе»,«аға»,«ана»,«іні»,«қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу(бар,кел,айт). Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап,әңгімелесе білуге баулу.

Математика негіздері	Сан. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу Шама. Екі затты өлшемі бойынша(ұзын-қысқа,биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту:күндіз-түнде,танертең-кешке.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлері мен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер,кірпіштер ажырата білуге үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға,қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға,ұқыптылыққа баулу.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу,олардың қиылысуын жүргізе білу,әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді(ыдыстар,ойыншықтар) үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға,ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру.Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды,содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға,музыканың сипатын түсінуге,музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)— ля(си)диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғақты орындау,шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап сыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың арапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оның отбасы,үйі. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту Заттық әлем. заттардың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу,дәмін көру,есту арқылы тануды қалыптастыру

Көлік, байланыс құралдары.

Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру

Еңбекке баулу.

Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне(мейірімді, жанашыр) аудару

Менің Отаным–Қазақстан.

Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.

Өсімдіктер әлемі.

Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру

Жануарлар әлемі.

Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын анықтау(суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.

Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау

топта(терезенің алдын ашықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру

Білім беру ұйымы : №1 «Ақерке» бөбекжай - балабақшасы

Топ/сынып: Ортаңғы топ Балауса

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	. Жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу; Еңбектеу, өрмелеу: саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр); Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және кимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау; Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық);
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту Сөздік қор. заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету
Көркем әдебиет	Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Математика негіздері	Сан. қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда

	шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Сурет салу	Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды үйрету. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды меңгерту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық аспап металлофонмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары.

Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.

Еңбекке баулу.

Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойынәрекетіне ынталандыру.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару

Менің Отаным – Қазақстан.

Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

Өсімдіктер әлемі.

Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру

Жануарлар әлемі.

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету.

Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау

серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру

Білім беру ұйымы : №1 «Ақерке» бөбекжай - балабақшасы

Топ/сынып: Ортаңғы топ «Балауса»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 2026 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Домалату, лақтыру, қағып алу. төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.
Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт). Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу
Математика негіздері	Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Шама.

	салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
Сурет салу	Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді. бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін жасап (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды, жаймадағы дайын үлгіге жағуды, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды жетілдіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.
